БЕКІТЕМІН
"Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық техникалық университеті" КеАҚ басқарма төрағасы-ректор
_______________ А.М. Наметов
«07» 09 2021 ж.

# «ЖӘРДЕМ-ВЕТ» ОҚУ-ҒЫЛЫМИ-ӨНДІРІСТІК ОРТАЛЫҒЫ ЕДЕН ЖУУШЫНЫҢ

## ЛАУАЗЫМДЫҚ НҰСҚАУЛЫҒЫ

**СМЖ.07.ЛН.193**

№ 01 басылым
№ _______ дана

| | | |
|---|---|---|
| Дайындалды: 01.09.2021ж<br><br>Сидихов Б.М. ________ | Келісілді: 06.09.2021ж<br>Губашев Н.М. ________<br>Алмағамбетова М.Ж.<br>________<br>Таскалиев Е.К. ________<br>Ихсанов Е.Б. ________ | Енгізілді: 08.09.2021ж<br><br>12.09.2018ж.<br>СМЖ.07.ЛН.193<br><br>Қайта қаралуы: 09.09.2024ж. |

**Мазмұны:**

1. Бағыты
2. Қолдану саласы
3. Лауазымдық міндеттері
4. Жауапкершілігі мен өкілеттігі
5. Құжаттама
6. Сілтемелер

| Өзгерістер | | | | |
|---|---|---|---|---|
| № | Енгізілген мерзімі | Беттер нөмірі | Дайындаушы | |
| | | | Тегі, аты, әкесінің аты, | Қолы |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |

1. **Бағыты**

Бұл нұсқаулық Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі және қызметкерлердің құқығын, жауапкершілігін және біліктілік талаптарын анықтау мақсатында бірдей тарифтік-біліктілік анықтамасына сәйкес дайындалды.

2. **Қолдану саласы**

Осы нұсқау еден жуушыларға арналып жасалған.

3. **Лауазымдық міндеттері**

3.1. Еден жуушы міндетті:

Өзіне бөлінген аумақты таза, сапалы жуып, жинастыруға;

Жуып, жинау кезінде көрген, білген кемшіліктерді, ақауларды (жиһаздың сынғаны, сынған әйнектер т.б.) комендантқа хабарлап немесе күнделікті ескерту журналына жазып отыруға;

Күн сайынғы шаң тозаңдарды, терезе алдарын, есіктерді, қол жуғыштарды әжетхана унитаздарын сүртіп жуып тазалап тұруға;

Аудиториялардағы жазу тақталарын, зертханалық бөлмелерді, дәлізді ылғал шүберек сүрткішпен сүртуге, жазу тақтасын сүртіп тұратын ылғал шүбіректі әзірлеуге;

Жалпы өзіне бөлінген бөліктегі жалпыға бірдей қолданыстағы әжетханаларды, қол жуғыштарды, жуыну душтарын хлор ерітіндісімен жуып, залалсыздандырып отыруға;

Бөлмелерді, дәліздерді жинап, жуғанда терезе желдеткіштерін ашып қоюға;

Жуып, тазалап, жинастырғаннан шыққан қоқыстарды, қағаздарды әдейі бөлінген орындарға жинауға;

Жуып, жинап болғаннан кейін жарық көзін сөндіріп, терезе желдеткіштерін жауып, кілттеп ашқышты қауіпсіздік және тәртіп сақтау қызметінің кезекшісіне тапсыруға;

Өз өкілеттілігі шеңберінде СМЖ іс әрекетіне қолдау көрсетуге.

3.2. Бағыныштығы:

Еден жуушы басқарма төрағасы-ректордың бұйрығымен қызметке қабылданады және қызметтен босатылады.

Қызмет бабында тікелей «Ветеринарлық медицина және мал шаруашылығы» институтының «Жәрдем-Вет» оқу-ғылыми-өндірістік орталығы меңгерушісіне бағынышты.

3.3. Еден жуушы мына ережелерді білу керек.

Университеттің ішкі тәртіп ережесін.

Кәсіби қызметтік нұсқауын.

Еңбек қорғау ережелері мен нормаларын.

3.4. Біліктілікке қойылатын талаптары:

Іскерлік қарым қатынаста мемлекеттік тілді білу.

4. **Жауапкершілігі мен өкілеттілігі**

4.1. Еден жуушының жауапкершілігі:

4.1. Өзіне қызметке алған заттары үшін материалдық жауапкершілігі жүктеледі.

4.1.1. Осы нұсқаудағы қызметтік міндетін дұрыс атқармағаны үшін ҚР Еңбек кодексінде көзделген нормалар бойынша жауапты.

4.1.2. Қызмет орынында заң талаптарын бұзған үшін ҚР әкімшілік, азаматтық, қылмыстық кодексінде көзделген нормалар бойынша жауапты.

4.1.3. Жұмыс орнында жұмыс берушіні материалдық шығындарға ұшыратса ҚР еңбек, азаматтық және қылмыстық кодекстерінде көзделген нормалар негізінде жауапты.

4.2. Еден жуушының құқықтары:

Кәсіби қызметін бір қалыпты атқаруға қажетті жағдайларды жасауды талап етуге;

Әрбір еңбек еткен жылына төленбелі 24 күндік еңбек демалысына шығуға;

Өзінің еңбек ету барысында кәсіби жетістігін, адамгершілік намысын қорғауға;
Еңбек ету барысындағы жетістіктері үшін әкімшіліктен материалдық, моральдық тұрғысында марапатталуға құқылы.

## 5. Құжаттама

-

## 6. Сілтемелер

6.1. ҚР Еңбек кодексі 23.11.2015ж. №141-V.
6.2. ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңы 18.11.2015ж. № 410-V
6.3. ҚР СТ ИСО 9001-2015 Менеджменттік сапа жүйесі талаптары.
6.4. «Жәңгір хан атындағы БҚАТУ» КеАҚ жарғысы
6.5. Ішкі тәртіп ережелері. СМЖ 08.ҚЕ.06.
6.6. Қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтары.